

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫН
БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ КОМИТЕТІМЕН
КЕЛІСІЛГЕН



Естаев

2011 жылғы «12» 12

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 03 ж. 2 қарқуік ЖҮРГІЗІЛДІ
№ 841-1900-АК
Бастапқы тіркелген күні
1995 ж. «2» ақпан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 12 ж. «27» ақпан
Бұрын 1995 ж. «2» ақпан ТІРКЕЛДІ
БСН 950240000112

«Еуразиялық баню»

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ

Акционерлердің жалпы
жиналысымен бекітілген
№ 10 хаттама
2011 жылғы «01» қараша

Алматы қ., 2011 жыл

СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ

Осы Жарғы бұдан әрі «Банк» деп аталушы «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамының құқықтық мәртебесін, ұйымдасуы мен қызмет етуінің негіздерін, сонымен қатар Банк қызметін тоқтату шарттарын анықтайтын құжат болып табылады. Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дайындалған.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Банктің толық және қысқартылған атауы:

- а) мемлекеттік тілде — «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамы, «Еуразиялық банк АҚ»;
- б) орыс тілінде — Акционерное общество «Евразийский банк», АО «Евразийский банк»;
- в) ағылшын тілінде — Eurasian Bank JSC.

1.2. Банк — осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес банктік қызметті жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға.

Банктің меншік құқығында оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асырады, сотта талапкер және жауапкер бола алады. Банктің дербес балансы және корреспонденттік шоттары бар.

Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде Банк ретінде мемлекеттік тіркелуі мен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі — уәкілетті орган) банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензиясының болуымен анықталады.

Банктің өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті мөрі, бланктері, эмблемасы және өзге де деректемелері болады.

1.3. Банктің атқарушы органының (Басқарма) орналасқан жері: 050002, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 56.

1.4. Банктің меншік түрі — жекеменшік.

1.5. Банк банктік қызметті жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының Конституциясы мен қолданыстағы заңнамасын, Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарттарды (келісімдерді), сонымен қатар заңнамалық актілер мен Қазақстан Республикасы Президентінің олардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша актілері негізінде және оларды орындау үшін шығаратын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін, сонымен қатар осы Жарғыны, Банк акционерлерінің (акционерінің) жалпы жиналысының, Банктің Директорлар кеңесінің шешімдерін басшылыққа алады.

1.6. Заңнамамен белгіленген тәртіпте Банк акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітілген корпоративтік басқару кодексін қабылдайды.

1.7. Банк өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие болады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Банк өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілік алады.

Банк акционері Банктің міндеттемелері үшін жауап бермейді, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялар құны шегінде Банк қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

1.8. Егер Банк немесе мемлекет өздеріне осындай міндеттемелер алмаған болса, Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, дәл сол сияқты мемлекет те Банктің міндеттемелері үшін жауап бермейді.

1.9. Банк Қазақстан Республикасының аумағында, не одан тысқары жерлерде заңда белгіленген тәртіпте өзінің еншілес ұйымдарын, филиалдары мен өкілдіктерін ашуға құқылы.

Банк филиалдарының Директорлары оларға берілген өкілеттіктер шегінде Банктің үшінші тұлғалармен қарым-қатынасы барысында Банктің атынан сенімхаттарға қол қоюға құқылы.

1.10. Банктің қызмет ету мерзімі шектелмеген.

II. БАНКТИҢ БАНКТІК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕРІ

2.1. Банк қызметінің мақсаты кіріс келтіру болып табылады.

2.2. Банк уәкілетті органның лицензиясы негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған банктік және өзге де операцияларды жүргізеді.

2.3. Банк уәкілетті органның лицензиясы негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметін атқаруға құқылы.

2.4. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмаған өзге де қызмет түрлерімен айналысуға құқылы.

Егер белгілі бір қызмет түрімен айналысуға өкілетті органдардың (лицензия берушінің) арнайы рұқсаты (лицензия, сертификат) қажет болса, Банк белгіленген тәртіп бойынша тиісті рұқсатты (лицензия, сертификат) алған соң және соған сәйкес сол қызметпен айналысады.

2.5 Банкке банктік қызметке қатысты емес немесе Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 8-бабының 6-тармағында, 30-бабының 12-тармағында қарастырылмаған операциялар мен мәмілелерді кәсіпкерлік қызмет ретінде жүргізуге, сонымен қатар Банктер туралы заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, қатысу үлестерін немесе заңды тұлғалардың акцияларын сатып алуға, коммерциялық емес ұйымдарды құруға және қызметтеріне қатысуға және Банктер туралы заңның 8-бабының 5-тармағында қарастырылған жағдайларда бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға тыйым салынады.

III. БАНКТІҢ МҮЛКІ МЕН КАПИТАЛЫ

3.1. Банктің мүлкі жеке меншік құқығы ретінде өзіне тиесілі.

Банк мүлкінің құралу көздері болып табылатындар:

- акцияларды сатудан түскен каражат;
- оның қызметінен түскен табыс;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған басқа да көздер.

3.2. Банктің жарғылық капиталы құрылтайшылармен (жалғыз құрылтайшымен) атаулы құны бойынша және инвесторлармен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын орналастыру бағасы бойынша акцияның төленуі арқылы құралып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрініс табады.

3.3. Банк акциялары орналастыру кезінде тек қана ақшалай Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында төленуі міндетті.

3.4. Банктің жарғылық капиталының ұлғаюы Банктің жариялы акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асады.

3.5. Банктің регуляторлық меншік капиталы – Банк инвестицияларын алып тастағанда қалған капитал сомасы. Регуляторлық меншік капиталын және Банк инвестицияларын есептеу әдістемесін уәкілетті орган анықтайды.

3.6. Банк қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындарды өтеу мақсатында Банк резерв капиталын қалыптастырады. Резерв капиталы жай акциялар бойынша дивиденд төленгенге дейінгі Банктің таза табысы есебінен жасалады. Банктің резерв капиталының ең төменгі мөлшерін уәкілетті орган белгілейді.

Егер қандай да бір төлемдердің салдарынан Банктің резерв капиталы уәкілетті орган белгілеген мөлшерден кем болып қалған жағдайда, Банк резерв капиталын көрсетілген мөлшерге дейін толықтыру үшін ақша аударуды қайта бастауға міндетті. Банк шығындары резерв капиталы қаржысынан өтеледі, ал егер ол жетіспеген жағдайда, Банктің басқа да меншіктік қаржысы есебінен өтеледі.

3.7. Банк басқа да қорларды құрады, олардың түрлерін және пайдалану тәртібін Банктің Директорлар кеңесі анықтайды.

3.8. Тиісті дәрежедегі бақылауды және жүргізілген операциялардың аумағы мен сипатына сәйкес өз қызметінің сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында Банк берілген несиелер мен басқа да активтерге қарсы резерв қалыптастыра отырып, оларға Қазақстан заңнамасына сәйкес уәкілетті орган белгілеген тәртіп пен шарттарда сыныптама жүргізеді.

IV. БАНК АКЦИЯЛАРЫ. БАНК АКЦИОНЕРЛЕРІ. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ. ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ

4.1. Банк жай және артықшылықты акцияларды шығарады. Банктің артықшылықты акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы тиіс.

Банк өз акцияларын құжатсыз нысанда шығаруды жүзеге асырады.

Акция бөлінбейді.

Жай акция акционерге дауыс беруге шығарылған барлық мәселелерді шешу барысында дауыс беру құқығымен акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға, Банктің таза пайдасы болған

қосымша дивидендтерді алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте Банктің таратылуы кезінде оның мүлігінің бөлігіне құқық береді.

Акционерлер акциялардың меншіктенушілері - акционерлер жай акциялардың меншіктенушілері - акционерлер алдында осы Жарғының 4.2.-1 тармағымен бекітілген алдын ала белгіленген көлемде мөлшерде дивидендтер алуға және Банктің таратылуы кезінде Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 250-253-баптарымен бекітілген мүлігінің бөлігіне артықшылықты құқығы бар. Артықшылықты акция осы Жарғының 4.2.-1 тармағымен бекітілген жағдайларды қоспағанда, акционерге Банктің басқаруына қатысуға құқық бермейді.

Банк акцияларының ұстаушыларының тізілім жүйесін жүргізуді Банктің және оның үлестес тұлғаларының үлестес тұлғасы болмайтын Банк тіркеушісі ғана жүзеге асырады.

4.2. Банк акционерлерінің құқықтары:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған тәртіпте Банкті басқаруға қатысу;
- 2) дивидендтер алу;
- 3) Банк қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде Банк акционерлерінің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда анықталған тәртіпте Банктің қаржылық есептілігімен танысу;
- 4) Банктің тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушыдан бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді-көшірмелер алу;
- 5) Банк акционерлерінің жалпы жиналысына Банктің Директорлар кеңесіне сайлауға үміткерлер ұсыну;
- 6) Банк органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулау;
- 7) жеке өзі немесе басқа акционерлермен бірге Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан да артық пайызына иелік еткен жағдайда Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 63 және 74-баптарында қарастырылған жағдайларда Банкке Банктің лауазымды тұлғаларының Банкке келтірілген шығындарын өтеу туралы және Банктің лауазымды тұлғалары және (немесе) олардың аффилирленген (үлестес) тұлғалары ірі мәмілелер жасау туралы (жасауға ұсыныс) және (немесе) жасалуына мүдделілік танытқан мәмілелерді жасау туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде олар алған пайданы (кірісті) Банкке қайтару туралы талабымен өз атынан сот органдарына жүгіну;
- 8) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сауал жолдау және Банкке сауал түскеннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде дәйекті жауаптар алу;
- 9) Банк таратылған жағдайда оның мүлкінің бөлігіне ие болу;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген тәртіпте қоғамның акцияларына айналдырылатын оның акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алу.

4.2.-1. Артықшылықты акцияларға ие болатын Банк акционерінің:

1) жай акциялардың меншіктенушілері - акционерлер алдында бір артықшылықты акция үшін 250 теңге кепілдікті көлемде дивидендтер алуға артықшылықты құқығы бар. Бұл ретте артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің көлемі жай акциялар бойынша осы мерзімге есептелетін дивидендтер мөлшерінен аз болмауы тиіс;

2) Банк басқаруына қатысуға, егер:

а) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы шешімі артықшылықты акцияларға ие болатын акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселелерді қарастырса. Бұл мәселе бойынша шешім шектеу үшін орналастырылған артықшылықты акциялардың жалпы санынан (сатып алынғандар шегерімімен) екіден үш аз емес дауыс берсе қабылданған болып есептеледі;

б) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы мәселелерді қарастырса;

в) артықшылықты акция бойынша дивиденд, осы Жарғының 4.10. тармағымен оны төлеу үшін бекітілген мерзімінің аяқталған күнінен үш ай ішінде толық көлемде төленбесе;

Артықшылықты акциялардың меншіктенушісі болып табылатын Банк акционері, күндізгі тәртіпте өткізілетін Акционерлердің Жалпы жиналысына және қарастырылатын мәселелердің талқылауына қатысуға құқылы.

3) Жарғының 4.2-1 тармағының 2) тармақшасының в) абзацымен қарастырылған жағдайда, артықшылықты акциялардың меншіктенушісі- акционердің Банкті басқаруға қатысу құқығы оған

төмен артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді толық көлемде төлеген күннен бастап төлеуі тиіс.

4.3. Сөзбенен алғар ірі акционердің құқықтары:

- 1) Акционердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартса, оны шақырту жөнінде сотқа талап-арыз беру;
- 2) Директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қосымша мәселелерді енгізуді ұсыну;
- 3) Директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап ету;
- 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Банк аудитін жүргізуін талап ету.

4.4. Банк акционерінің міндеттері:

- 1) акцияларды төлеу;
- 2) он күн ішінде Банктің тіркеушісін және осы акционерге тиесілі акциялардың атауды ұстаушысын Банк акцияларын ұстаушылар тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерістері туралы хабарлау;
- 3) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы мәліметтерді жария етпеу;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді атқару.

4.5. Егер Банк жариялы акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айналдырылатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыруға, сондай-ақ бұрын сатып алынған сондай бағалы қағаздарды сату ниеті болса, бұл туралы шешім қабылдаған сәттен бастап он күн ішінде өз акционерлеріне жазбаша хабарлама жіберу немесе бұқаралық ақпарат құралдарында бағалы қағаздарды бұл туралы шешім қабылдаған Банк органы белгілеген орналастыру (сату) бағасымен қолында бар акциялардың санына сәйкес, тең жағдайда сатып алуды ұсынады. Банк акцияларының орналастырылуы (сатылуы) туралы хабарланған сәттен бастап отыз күн ішінде акционер Банк акцияларына айнала алатын акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес сатып алуға тапсырыс беруге құқылы.

Бұл жағдайда, Банктің жай акцияларын иеленетін акционердің жай акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығы бар, ал Банктің артықшылықты акцияларын иеленуші акционердің артықшылықты акцияларды басымдықпен сатып алу құқығы бар.

4.6. Өзінің жариялы акцияларын бағалы қағаздардың бастапқы нарығына орналастыру кезінде Банкке оларды сатып алуына жол берілмейді.

4.7. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдер төленген соң таза табыс Банк акционерлерінің жалпы жиналысында белгіленген тәртіпте пайдаланылады.

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысында Банктің есептік қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі бекітіледі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімдер қабылданады және жыл қорытындысы бойынша Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері бекітіледі.

4.8. Банк акциялары бойынша дивидендтер ақшалай немесе Банктің бағалы қағаздарымен артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, дивидендтерді төлеу туралы шешім акционерлердің Жалпы жиналысында Банктің дауыс беруші акцияларының жай көпшілігімен қабылдану шартымен төленеді.

Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді бағалы қағаздармен төлеуге рұқсат етілмейді.

Банк акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеу тек қана, егер осындай төлем Банктің жарияланған акцияларымен және оның шығарылған облигацияларымен, акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда ғана рұқсат беріледі.

Дивидендтерді алуға құқылы акционерлердің тізімі дивидендтерді төлеу басталған күн алдындағы күнге жасалуы тиіс.

4.9. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер тоқсанның, жартыжылдықтың немесе жылдың қорытындысы бойынша төленеді. Тоқсанның немесе жартыжылдықтың қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімінде дивидендтің бір жай акцияға мөлшері көрсетіледі.

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған күннен он жұмыс күні ішінде осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімі келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және басқа деректемелері;
- 2) Дивидендтер төленетін кезең;
- 3) Дивидендтердің бір жай акцияға шаққандағы мөлшері;
- 4) Дивидендтер төлемі басталатын күн;
- 5) Дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.

Акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында оны міндетті түрде жариялаумен шешім қабылдауға құқылы.

4.10. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу осы Жарғының 4.11. тармағында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, қоғам органының шешімін қажет етпейді.

Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтердің кепілдікті көлемі жылына бір рет, қаржы жылы аяқталғаннан кейін алғашқы жиырма бес күнтізбелік күнде төленеді. Банктің артықшылықты акциялары бойынша есептелетін дивидендтерінің мөлшері осы кезеңде Банктің жай акциялары бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшерінен кем болмауы тиіс. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізілімі дивидендтер төленіп отырған қаржы жылдың соңғы жұмыс күні тіркеледі.

Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді толық төлеуге дейін оның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жүзеге асырылмайды.

Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу мерзімінің басталу аяғындағы бес күн ішінде Банк бұқаралық ақпарат құралдарында артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы ақпаратты келесі мәліметтерді көрсетумен жариялауы тиіс:

- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банк және басқа деректемелері;
- 2) Дивидендтер төленетін кезең;
- 3) Дивидендтің бір артықшылықты акцияға шаққандағы мөлшері;
- 4) Дивидендтер төлемі басталатын күн;
- 5) Дивидендтерді төлеудің тәртібі мен нысаны.

4.11. Орналастырылмаған немесе Банктің өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы Банкті тарату туралы шешім қабылдаса дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есептеу рұқсат етілмейді егер:

- 1) меншікті капитал көлемі теріс болса немесе егер Банктің меншік капиталының көлемі оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;
- 2) егер Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе немесе Банкте оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде аталған белгілер пайда болса.

4.12. Акционер Банк берешегі пайда болу мерзіміне қарамастан, алмаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтер дивидендтер төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбесе, акционерге дивидендтің келесі сомасы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күні қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне сәйкес капиталдың өсімпұл төленеді.

4.13. Банк акцияларымен мәміле жасау, Банктің бастамасымен және акционердің талабымен орналастырылған акцияларды сатып алу, сондай-ақ Банк акцияларымен басқа да операциялар мен трансакциялар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

V. БАНК ОРГАНДАРЫ. ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТІ

5.1. Банк органдары болып табылады:

- 1) Жоғарғы орган — акционерлердің Жалпы жиналысы (барлық дауыс беруші акциялар бір акционерге тиесілі болса, - сол акционер);
- 2) Басқару органы — Директорлар кеңесі;
- 3) Атқарушы орган — Басқарма.

5.2. Акционерлердің Жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Банк жыл сайын акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізіп тұруға міндетті. Акционерлердің басқа Жалпы жиналыстары кезектен тыс жиналыс болып табылады.

Акционерлердің жыл сайын өтетін Жалпы жиналысында:

- 1) Банктің жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
- 2) Банктің өткен қаржылық жылдағы таза пайдасының бөлу тәртібі мен Банктің бір жай акциясына төленетін дивиденд мөлшері анықталады;
- 3) Акционерлердің Банк пен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне сауалдары туралы мәселелер оларды қарастыру нәтижелері қарастырылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Банктің акционерлеріне Директорлар Кеңесінің мүшелері мен Банк Басқармасының мүшелеріне берілетін сыйақы көлемі мен құрамы туралы ақпараттандырады.

5.3. Акционерлердің Жылдық жалпы жиналысы заңнамада бекітілген уақытта өткізілуі тиіс.

5.4. Дауыс беруші акциялардың барлығы бір акционерге тиесілі болса, акционерлердің Жалпы жиналыстары өткізілмейді. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен және осы Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімді осындай акционер жеке қабылдайды, және бұл шешімдер артықшылықты акциялармен қуәландырылған құқықтарды шектемеу және қысым көрсетпеу шартымен жазбаша түрде ресімделуі тиіс.

5.5. Егер осы Жарғының 5.4. қарастырылған жағдайларда жалғыз акционер немесе Банктің барлық дауыс беруші акцияларына ие тұлға заңды тұлға болып табылса, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және заңды тұлғаның жарғысына сәйкес осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар заңды тұлғаның органы, лауазымды тұлғасы немесе қызметкері қабылдайды.

5.6. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзіретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін және оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Банкті ерікті қайта құру немесе тарату;
- 4) Банктің жариялы акциялар санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жариялы акциялар түрінің өзгерісі туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау (конвертация) шарттары мен тәртібін, сонымен қатар олардың өзгерісін анықтау;
- 6) Санақ комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 9) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 10) Банктің есептік қаржылық жылы үшін таза табысты бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін анықтау;
- 11) ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 22-бабының 5-тармағында көзделген жағдайлар орын алған жағдайда Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 12) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 13) Банктің сомасы Банк активтерінің жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін өткізу арқылы өзге заңды тұлғалардың құрылуына немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 14) Банк акционерлердің Жалпы жиналысын шақырту туралы акционерлерді хабардар ету нысанын анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 15) Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес Банктің акцияларды сатып алуда акциялардың бағасын анықтау әдістемесіне өзгерістер бекіту (әдістеме әлі бекітілмеген болса, оны бекіту);
- 16) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 17) Акционерлерге Банк қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін анықтау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
- 18) «алтын акцияның» енгізу және күшін жою;

19) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне солар бойынша шешім қабылдау жатқызылған басқа да мәселелер.

5.7. Осы Жарғының 5.6. тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Басқа мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері, егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен басқасы белгіленбесе, дауыс беруге қатысушы Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

5.8. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқасы көзделмесе, акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылатын мәселелер бойынша шешім қабылданатын мәселелерді Банктің басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банктің өзге органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

5.9. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа, Банк қызметіне жалпы басшылық етеді.

5.10. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Банк қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) акцияларды орналастыру (сату), соның ішінде жариялы акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны туралы, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды Банктің сатып алуы және сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
- 6) Банктің облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын анықтау;
- 7) Банк Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) Банк Басқармасының басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерлерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу шарттарын анықтау;
- 9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы және сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау;
- 10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар корпоративтік хатшының лауазымдық жалақы мөлшері мен оған сыйлықақы төлеу шарттарын анықтау;
- 11) сонымен қатар ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша аудиторлық ұйым мен бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін анықтау;
- 12) Банктің ішкі қызметін реттеуші (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда) құжаттарды бекіту, соның ішінде Банк қызметіне байланысты тәуекелдерді шектейтін және тәуекелдер мониторингін арналған саясаттар мен процедураларды, сонымен қатар аукциондар өткізу мен Банктің бағалы қағаздарды жазу шарттарын белгілейтін ішкі нормативтік құжатты бекіту;
- 13) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 14) он және одан көп пайыз акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Банкке тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 15) Банктің басқа заңды тұлғалардың он және одан да артық пайыз акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) сатып алу туралы шешім қабылдау;
- 16) Банктің міндеттемелерін оның меншік капиталының он және одан да артық пайызын құрайтын көлемге ұлғайту;
- 17) Банктің бұған дейінгі тіркеушісімен шартты бұзған жағдайда Банктің тіркеушісін таңдау;

18) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

19) ірі мәмілелер және жасалуына Банк мүдделілік танытқан мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

20) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және осы Жарғыда қарастырылған, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

5.11. Осы Жарғының 5.10. тармағында көрсетілген мәселелер тізбесі Банк Басқармасының шешуіне берілмейді.

Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Банк Басқармасы құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша, сонымен қатар акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

5.12. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде ықтимал мүдделер шиеленісін, соның қатарында жасалуына мүдделі мәмілелерді жасаған кезде Банктің меншігін заңсыз пайдалану мен асыра пайдалануды қадағалау және мүмкіндігінше жоюға;

2) Банктегі корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылау жасау тиіс.

5.13. Аса маңызды мәселелерді қарастыру және Директорлар Кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін келесі мәселелер бойынша Директорлар Кеңесінің Комитеттерін құруға болады:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар мен сыйлықақылар;

3) әлеуметтік мәселелер;

4) ішкі аудит;

5) Банктің ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған басқа да мәселелер.

Директорлар Кеңесінің Комитеттері Директорлар Кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеуге қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылардан тұрады.

Банк Басқармасының Төрағасы Директорлар Кеңесі Комитетінің төрағасы бола алмайды.

5.14. Акционерлердің жалпы жиналыстарын және Банктің директорлар Кеңесінің отырысын дайындауды және өткізуді қамтамасыз ету мақсатында корпоративтік хатшы тағайындалады.

Корпоративтік хатшы – Банктің директорлар кеңесіне есеп беретін Банк Басқармасының немесе директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайтын Банк қызметкері.

Корпоративтік хатшы өзінің қызметі шеңберінде Банк акционерлерінің және Директорлар кеңесінің жиналысының отырысын дайындауды және өткізуді бақылайды, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды және Банктің Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді, оларға қол жеткізуді қамтамасыз етуді бақылайды.

Корпоративтік хатшының құзіреті және қызметі Банктің ішкі құжаттарымен анықталады.

5.15. Директорлар кеңесінің мүшесі тек қана жеке тұлға бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) жеке тұлға-акционерлер қатарынан;

2) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным білдірілген) тұлғалардың қатарынан;

3) басқа тұлғалар (осы Жарғының 5.16. тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып) қатарынан сайланады.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауысын толықтай бір үміткер үшін немесе Директорлар кеңесіне мүшелікке бірнеше үміткерлер арасында бөліп беруге құқылы. Барынша көп дауыс жинаған үміткерлер Директорлар кеңесіне мүше болып сайланды деп саналады. Егер Директорлар кеңесіне мүшелікке екі немесе одан көп үміткер бірдей дауыс жинаса, онда бұл үміткерлерге қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі.

5.16. Директорлар кеңесінің мүшесі болып Банктің акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным білдірілмеген) жеке тұлға сайлана алады. Мұндай тұлғалар саны директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан артық бола алмайды.

5.17. Банк Басқармасының мүшелері, оның басшысынан басқасы, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Банк Басқармасының Төрағасы лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. Банк Басқармасының Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

5.18. Директорлар кеңесінің мүшелер саны үш адамнан кем болмауы керек. Банктің Директорлар кеңесі мүшелер санының үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы қажет.

5.19. Банктің Директорлар кеңесі Төрағасы немесе мүшесі лауазымына келесі тұлғалар сайлана алмайды:

- 1) жоғары білімі жоқ;
- 2) мінсіз іскерлік аброяға ие емес;
- 3) уәкілетті органның қаржы ұйымының консервациясы, оның акцияларын мәжбүрлі

түрде сатып алу, қаржы ұйымының лицензиясын қайтарып алу, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қаржы ұйымын ықтиярсыз тарату немесе оның банкроттығын растау туралы шешімді қабылдағанға дейін бір жыл аспаған кезеңде алдында Директорлар кеңесінің бірінші басшысы, Басқарманың бірінші басшысы және оның орынбасары, қаржы ұйымының бас бухгалтері болып жұмыс істегендер. Аталған талап уәкілетті органның қаржы ұйымының консервациясы, оның акцияларын мәжбүрлі түрде сатып алу, қаржы ұйымының лицензиясын қайтарып алу, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қаржы ұйымын ықтиярсыз тарату немесе оның банкроттығын растау туралы шешімді қабылдағаннан кейін бес жыл ішінде қолданылады;

4) өзге қаржы ұйымында басшы қызметкер болып жүрген кезеңде басшы қызметке тағайындалуға (сайлануға) келісім қайтарып алынған тұлға. Аталған талап уәкілетті орган басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) келісімді қайтарып алу туралы шешімді қабылдағаннан кейінгі соңғы он екі ай ішінде қолданылады;

5) Банктер туралы Заңда белгіленген, тізімін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық қаржы ұйымдарында жұмыс өтілі жоқ және (немесе) қаржы қызметтерін ұсыну және (немесе) реттеу және (немесе) қаржы ұйымдарының аудитін өткізу саласында жұмыс өтілі жоқ.

Қазақстан Республикасы заңнамасымен Банк Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын өзге талаптар белгіленуі мүмкін.

5.20. Директорлар кеңесі құрамына сайланған тұлғалар шексіз рет қайта сайлана алады. Директорлар кеңесінің өкілеттілігінің мерзімі акционерлердің Жалпы жиналысымен белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілеттілігінің мерзімі акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу кезінде бітеді, бұл жиналыста жана Директорлар кеңесі сайланады.

Акционерлердің Жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің мүшелерінің толық құрамының немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату оның бастамасымен, Директорлар кеңесін жазбаша хабарландыру негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің сондай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесінің мүшесі өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысына түскен кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, мұнда осы Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің бүтіндей өкілеттік мерзімімен бір мезгілде аяқталады.

5.21. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің қатарынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан құпия дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен сайланады.

Директорлар кеңесі кез келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, отырысын жүргізеді, сонымен бірге осы Жарғыда белгіленген өзге де міндеттерді атқарады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы жоқ болған кезде оның міндеттерін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшесінің бірі атқарады.

5.22. Банк Басқармасы Банктің ағымдағы қызметіне басшылық етуші Банктің алкалы атқарушы органы болып табылады.

5.23. Банк Басқармасы Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Жарғымен Банктің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған, Банктің қызметі жөніндегі кез келген мәселе бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Банк Басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысушы Банк Басқармасының барлық мүшелері қол қоюлары тиіс және онда әр мәселе бойынша Банк Басқармасының әр мүшесінің дауыс беру қорытындысы көрсетіліп, дауыс беруге шығарылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары болуы тиіс.

Банк Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, соның қатарында Банк Басқармасының басқа мүшесіне беруге жол берілмейді

Банк Басқармасы акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Банк, егер мәміле жасасқан кезде екі тарап сондай шектеулердің бар екенін білгендігін дәлелдесе, оның Басқармасының Банк белгілеген шектеулерді бұза отырып жасасқан мәмілесінің жарамдылығын даулауға құқылы.

5.24. Банк Басқармасы:

- а) Банк атынан әрекет етеді, соның ішінде Банктің мүддесін қорғайды;
- б) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпте Банктің атынан мәмілелер жасайды;
- в) Осы Жарғыға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің қарауына жататын барлық мәселелерді алдын ала қарастырады және олар бойынша тиісті материалдар, ұсыныстар мен шешім жобаларын дайындайды;
- г) Банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне басшылық ету мәселелерін шешеді, сонымен қатар Банк филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды;
- д) Банк қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етеді;
- е) банктік және өзге операцияларды жүргізу барысында туындайтын мәселелерді жедел түрде шешеді;
- ж) Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында құжаттарды қарастырады және бекітеді;
- з) штатты бекітеді, кадрларды іріктеу, орналастыру және дайындау мәселелерін шешеді;
- и) Банктің барлық қызметкерлері үшін міндетті шешімдер (қаулылар) шығарады, нұсқаулар береді;
- к) есепке алуды, есептілікті, ішкі бақылауды ұйымдастыру мәселелерін шешеді;
- л) Банк Басқармасының Төрағасы Басқарма қарауына ұсынған басқа да мәселелерді қарастырады және шешеді.

5.25. Банк акционерлері мен акционерлер болып табылмайтын қызметкерлері Банк Басқармасының мүшелері бола алады.

Банк Басқармасының мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Банк Басқармасы мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, сондай-ақ аталған тұлғаның Банкпен жасалатын жеке еңбек шартымен белгіленеді. Банктің атынан жасалатын Банктің Басқарма Төрағасымен еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе осыған акционерлердің Жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын жеке еңбек шартына Банк Басқармасы Төрағасы қол қояды.

5.26. Банк Басқармасының Төрағасы:

- 1) акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) Банктің атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банк атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 4) Банк қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, бір орыннан екінші орынға ауыстыруды, орнынан босатуды (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайлардан қоспағанда) жүзеге асырады, оларға марапаттау шараларын және тәртіптік жазалауды қолданады, Банк қызметкерлеріне лауазымдық жалақы мөлшерін және Банктің штат кестесіне сәйкес жалақыға дербес үстемелер белгілейді, Банк Басқармасы және Банктің Ішкі аудит қызметі құрамына кіретін қызметкерлерден басқа, Банк қызметкерлеріне сыйақы мөлшерін белгілейді;
- 5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Банк Басқармасы мүшелерінің біріне жүктейді;
- 6) Банк Басқармасы мүшелерінің арасында міндеттерді, құзірет пен жауапкершілік аяларын бөледі;
- 7) осы Жарғымен, акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген өзге міндеттерді атқарады.

5.27. Басқарма мүшелері — Банк Басқармасы Төрағасының орынбасарлары өз құзырлары шеңберіндегі мәселелер бойынша Банк қызметкерлеріне үшінші жақтармен қарым-қатынаста Банк атынан өкілдік етуге сенімхат беруге құқылы.

5.28. Банктің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізу мақсатында саны үш мүшеден кем емес Ішкі аудит қызметі ұйымдастырылған.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Банк Басқармасының құрамына сайлана алмайды. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

5.29. Банктің лауазымды тұлғалары, соның қатарында Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелері, Банк Басқармасының Төрағасы мен мүшелері:

- 1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және қоғам мен акционерлердің мүдделерін барынша жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;
- 2) Банктің мүлкін пайдаланбауға немесе оны осы Жарғыға және акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ оны жеке мақсаттарына пайдалануға және өзінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланушылыққа жол бермеуге тиіс;
- 3) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын, соның ішінде тәуелсіз аудит жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес Банк қызметі туралы ақпаратты ашуды және беруді бақылайды.

5) Банк қызметі туралы ақпараттың құпиялығын сақтауға міндетті, соның ішінде Банкте жұмыс істеуін тоқтатқан сәттен бастап бес жыл ішінде.

5.30. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері:

- 1) ақпараттылық, ашықтық негізінде, Банк пен оның акционерлерінің мүддесіне Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына, Банктің Жарғысы мен ішкі құжаттарына, еңбек шартына сәйкес әрекет ету;
- 2) барлық акционерлерге әділ түрде қарау, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікір білдіру.

5.31. Банктің лауазымды тұлғалары Банк пен акционерлер алдында олардың әрекеттері және (немесе) әрекетсіздіктерінен келтірілген шығын үшін және

- 1) жансақтыққа әкелетін ақпарат немесе қасақана жалған ақпарат беру;
- 2) осы Жарғы мен «Акционерлік қоғамдар туралы» заңмен белгіленген ақпаратты ұсыну тәртібін бұзу;
- 3) олардың жауапсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздіктері нәтижесінде, соның ішінде олардың немесе олардың аффилирленген тұлғаларының пайда (кіріс) алу мақсатында Банкпен осындай мәмілелер жасау нәтижесінде Банктің шығынға ұшырауына әкелетін ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделі мәмілелер жасау туралы шешімдер шығару және (немесе) қабылдау туралы ұсыныс жасау нәтижесінде болған шығындарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Банкке келтірілген шығындар үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауапкершілік көтереді.

Акционерлердің Жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» заңда және (немесе) осы Жарғыда қарастырылған жағдайларда ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделі мәміле жасау туралы шешім қабылдауы, соның қатарында олардың немесе олардың аффилирленген тұлғаларының пайда (кіріс) алу мақсатында, егер оларды орындау нәтижесінде Банкке шығын келтірілсе, оларды жасауға ұсыныс берген лауазымды тұлғаны немесе Банк органының мүшесі болып табылатын және оның отырысында жауапсыз әрекет еткен және (немесе) әрекетсіздік танытқан лауазымды тұлғаны жауапкершіліктен босатпайды.

5.31.1. Банк акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі негізінде немесе Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан да артық пайызын иеленуші (жиынтығын иеленуші) акционер (акционерлер) өз атынан лауазымды тұлғаға қарсы, егер лауазымды тұлға жауапсыз әрекет етсе және (немесе) әрекетсіздік танытса, оның Банкке келтірген залалын немесе шығындарын өтеу туралы, сонымен қатар лауазымды тұлға және (немесе) оның аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелер жасау (жасауға ұсыныс) және (немесе) жасалуына мүдделілік танытқан мәмілелерді жасау туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде олар алған пайданы (кірісті) Банкке қайтару туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Банк акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі негізінде немесе Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан да артық пайызын иеленуші (жиынтығын иеленуші) акционер (акционерлер) өз атынан Банктің лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға қарсы егер осындай мәмілені жасау және (немесе) іске асыру барысында Банктің аталған лауазымды тұлғасы осындай үшінші тұлғамен жасалған келісім негізінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын, Жарғы мен Банктің ішкі құжаттарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет еткен жағдайда Банктің осы үшінші тұлғамен жасаған мәмілесі нәтижесінде Банкке келтірілген шығындарды қоғамға өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға мен Банктің лауазымды тұлғасы Банкке осындай шығындарды өтеу кезінде ортақ борышкерлер деп саналады.

Сот органдарына жүгінгенге дейін Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан да артық пайызын иеленуші (жиынтығын иеленуші) акционер (акционерлер) Банктің директорлар кеңесінің төрағасына Банктің лауазымды тұлғалары келтірген шығындарды Банкке өтеу және Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелер жасау (жасауға ұсыныс) және (немесе) жасалуына мүдделілік танытқан мәмілелерді жасау туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде олар алған пайданы (кірісті) Банкке қайтару туралы мәселені директорлар кеңесінің отырысына шығару туралы талап өтініш білдіруі тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы осы тармақта көрсетілген өтініш түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан да артық пайызын иеленуші (жиынтығын иеленуші) акционердің өтініші бойынша шешімі отырыс өткізілген күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде оның (олардың) назар(-лар)ына жеткізіледі.

Директорлар кеңесінің аталған шешімін алған соң немесе оны осы тармақта белгіленген мерзімде алмаған жағдайда Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан да артық пайызын иеленуші (жиынтығын иеленуші) акционер (акционерлер) өз ат(-тар)ынан Банктің мүддесін қорғау үшін аталған мәселе бойынша Банктің директорлар кеңесінің төрағасының атына акционердің өтінішін растайтын құжаттар болған жағдайда сотқа жүгінуге құқылы.

5.31.2. Мәмілені жасауға мүдделі және оны орындау нәтижесінде Банкке шығын келтірген мәмілені жасауды ұсынған лауазымды тұлғаны қоспағанда, Банктің лауазымды тұлғалары, егер олар Банкті немесе акционерді шығынға әкелген Банк органы қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген жағдайда немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

Егер лауазымды тұлға «Акционерлік қоғамдар туралы» заңмен белгіленген Банктің лауазымды тұлғаларының қызмет принциптерін сақтай отырып, шешім қабылдау сәтінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісті түрде әрекет еткені және осындай шешім Банктің мүддесіне сай деп негізді түрде есептені дәлелденген жағдайда лауазымды тұлға коммерциялық (кәсіпкерлік) шешім нәтижесінде туындаған шығындарды өтеуден босатылады.

5.31.3. Сот экономикалық қызмет саласында меншікке қарсы немесе коммерциялық немесе басқа ұйымдарда қызмет мүддесіне қарсы қылмыс жасағаны үшін айыпты деп тапқан, сонымен қатар аталған қылмыстарды жасағаны үшін ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған Банктің лауазымды тұлғалары өтеген немесе ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте сотталғандығы жойылған немесе қылмыстық жауапкершіліктен босаған күннен бастап бес жыл ішінде Банктің лауазымды тұлғалары міндеттерін, сонымен қатар акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілі міндеттерін орындай алмайды.

5.31.4. Егер Банктің қаржылық есептілігі Банктің қаржылық жағдайын бұрмалаған болса, Банктің аталған қаржылық есептілігіне қол қойған Банктің лауазымды тұлғалары соның салдарынан материалдық шығынға ұшыраған үшінші тұлғалардың алдында жауапкершілік көтереді.

VI. БАНК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

6.1. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы:

- 1) Директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің бастамасымен шақырылады;

Өз еркімен жойылу алдында тұрған Банк акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын Банктің жою комиссиясы шақырып, дайындап өткізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заң актілерімен акционерлердің кезектен тыс міндетті Жалпы жиналысын шақырту жағдайлары қарастырылуы мүмкін.

Акционерлердің Жалпы жиналысын:

- 1) Банк Басқармасы;
- 2) онымен жасалған шартқа сәйкес Банктің тіркеушісі;
- 3) Директорлар кеңесі;
- 4) Банктің тарту комиссиясы өзірлейді және өткізеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгілеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, өзірлеу және өткізу шығындарын Банк өтейді.

Банк органдары акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын шақыру жөнінде Қазақстан Республикасының заңдары белгілеген тәртіпті бұзған жағдайда акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Егер Банк органдары акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы ірі акционердің талабын орындамаған болса, Банк акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы сол акционердің талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

6.2. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы ірі акционердің талабы Банк Басқармасының орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы директорлар Кеңесіне қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс.

Банктің Директорлар кеңесі ірі акционердің талабы бойынша шақырылған акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелерінің тұжырымдамаларына өзгерістер енгізуге және ұсынылған өткізу тәртібін өзгертуге құқылы емес.

Қойылған талапқа сәйкес акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы шақырылған кезде Директорлар кеңесі Жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

6.2-1. Егер акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырту туралы талапты ірі акционер (акционерлер) ұсынса, онда осындай шақыртуды талап ететін акционердің (акционерлердің) аты (атаулары) және оған тиесілі акциялардың саны, түрі көрсетілуі тиіс.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыруды талап ететін тұлға (тұлғалар) қол қояды.

6.2-2. Директорлар Кеңесі көрсетілген талапты алған күннен он жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға міндетті және осындай шешім қабылданған сәттен үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты қойған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы немесе оны шақырудан бас тарту туралы қабылданған шешім туралы хабарлама жіберуге міндетті.

6.2-3. Директорлар Кеңесінің ірі акционердің талабы бойынша акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімі төмендегі жағдайларда қабылдануы мүмкін, егер:

1) осы Жарғының 6.2, 6.2.1 – 6.2.4. тармақтарында белгіленген акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап қою тәртібі сақталмаса;

2) акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы үшін күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес келмесе.

Директорлар Кеңесінің акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімі сот тәртібінде даулануы мүмкін.

6.2-4. Егер Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген мерзім ішінде қойылған талап бойынша акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдамаған жағдайда, оның шақырылуын талап етуші тұлға Банкті акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізуге міндеттейтін талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

6.3. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге құқы бар акционерлердің тізімін Банк акциясын ұстаушыларды тіркеу жүйесінің деректері негізінде Банктің тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні Жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен бұрынғы күн болып белгілене алмайды.

Акционерлердің тізіміне енгізілуі тиіс мәліметтерді өкілетті орган белгілейді.

6.4. Егер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін жасағаннан кейін осы тізімге енгізілген тұлға оған тиесілі Банктің дауыс беруші акцияларын иелігінен шығарса, акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығы жана акционерге өтеді. Бұл ретте акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

6.5. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты ол жиналысқа қатысу құқығы бар тұлғалар жиналысқа барынша көп қатыса алатындай етіп белгіленуі тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысы Банк Басқармасы орналасқан елді мекенде өткізілуі тиіс.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеуді бастау уақыты мен жиналысты өткізу уақыты Банктің Есептеу комиссиясына жиналысқа қатысушыларды тіркеу, санын есептеу және оның кворумы болатынын анықтау үшін жеткілікті уақытты қамтамасыз етуі тиіс.

6.6. Акционерлер алдағы өтетін Жалпы жиналыс туралы кем дегенде отыз күнтізбелік күн бұрын ескертілуі тиіс, ал сырттай немесе аралас дауыс беретін болса - жиналыс өткізілетін күннен кем дегенде қырық бес күнтізбелік күн бұрын.

Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы және (немесе) акционердің назарына жазбаша хабарлама жолдау арқылы жеткізілуі тиіс.

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру туралы хабарламада болуы тиіс деректер:

1) Банк Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;

2) Жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

3) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталатын уақыты, сондай-ақ егер бірінші жиналыс болмай қалған жағдайда Банк акционерлерінің қайта шақырылатын Жалпы жиналысының күні мен уақыты;

4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Банк акционерлерін Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі материалдармен таныстыру тәртібі.

6.7. Акционерлердің Жалпы жиналысын қайталап өткізу белгіленген бірінші (болмай қалған) Жалпы жиналысты өткізу күнінен кейінгі келесі күннен ерте емес мерзімге тағайындалуы мүмкін.

Акционерлердің қайта шақырылған Жалпы жиналысы акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналысы өтетін жерде өткізілуі тиіс.

Акционерлердің қайта өткізілетін Жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгермеуі тиіс.

6.8. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі құрастырады және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны Банк акционерлеріне Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей немесе осы тармақтың бесінші абзацымен белгіленген тәртіпте хабарланған жағдайда, ірі акционер немесе Директорлар кеңесі күн тәртібін толықтыруы мүмкін.

Акционерлердің қатысу тәртібінде өткізілетін Жалпы жиналысты ашу кезінде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Банктің жиналыста ұсынылған дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

Егер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан және Банктің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде тоқсан бес пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді жақтап дауыс берсе, олар енгізілуі мүмкін.

Егер шешім енгізуге орналастырылған (сатып алынғандар шегерімімен) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі жақтап дауыс берсе, күн тәртібі артықшылықты акцияларды иеленуші акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін болатын мәселемен толықтырылуы мүмкін.

Акционерлердің Жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

Акционерлердің Жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

Күн тәртібінде, «әртүрлің, «өзгең, «басқаларың деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды және осыларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

6.9. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат болуы тиіс. Банктің органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылатын үміткерлер туралы келесі ақпарат болуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сонымен қатар қалауы бойынша — әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Банкке аффилирлігі (үлестестігі) туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын басқа да ақпарат.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне Банктің директорлар кеңесін сайлау (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда материалдарда директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған үміткер қайсы акционердің өкілі екені немесе ол Банктің тәуелсіз директоры лауазымына үміткер /үміткер емес екені көрсетілуі тиіс. Егер директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер «Акционерлік қоғамдар туралың заңның 54-бабының 3-тармағында көрсетілген акционер немесе жеке тұлға болған жағдайда, акционердің Банктің дауыс беруші акцияларын иемдену үлесі туралы деректерімен қоса, бұл мәліметтер де материалдарда көрсетілуі тиіс.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарға:

- 1) қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;
- 3) Банктің өткен қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясы есебімен бір жыл үшін дивиденд мөлшері туралы директорлар кеңесінің ұсыныстары;
- 4) акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне өтініштері және оларды қарастыру нәтижелері туралы ақпарат;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу бастамашысының қалауы бойынша басқа да құжаттар енгізілуі тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар акционерлер танысулары үшін жиналыс өткізу күніне дейін он күн бұрын Банктің атқарушы органы орналасқан жерде дайын және қол жетімді болуы тиіс, ал акционердің сауалы болған жағдайда — сауалды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жолдануы тиіс; құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу шығындарын акционер көтереді.

6.10. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте оған қатысу үшін тіркелген акционерлердің немесе акционерлердің тізіміне қосылған олардың өкілдерінің, қатысуға және дауыс беруге құқығы бар тұлғалардың бәрін жинақтай келгенде Банктің дауыс беруші акцияларының елу және одан жоғары пайызына иелік ететін болса, акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарап, олар жөнінде шешім қабылдауға құқылы.

Акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналысының орнына қайта шақырылған жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарап, олар туралы шешім қабылдауға құқылы, егер:

- 1) Кворум болмаған себепті өтпей қалған акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;
- 2) тіркеу аяқталған сәтте жиналысқа қатысу үшін жиынтығында Банктің дауыс беруші акцияларының қырық және одан да жоғары пайызына иелік етуші акционерлер (немесе) олардың өкілдері тіркелген болса, мұның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер де бар.

Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетень жіберген жағдайда аталған бюллетендердегі және Банк Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу сәтінде алған дауыстар кворумды анықтау мен дауыс берудің қорытындысын шығару кезінде есепке алынады.

акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру жолымен өткізген жағдайда кворум болмаған жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысы қайталап өткізілмейді.

6.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілеген Есеп комиссиясының қызметтерін акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы атқарады.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Санақ комиссиясының қызметтері Банктің тіркеушісіне де жүктелуі мүмкін.

6.12. Акционер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.

Банктің Басқарма мүшелері, сондай-ақ Банктің басқа да қызметкерлері акционерлердің Жалпы жиналысына акционерлердің өкілдері ретінде қатысуға құқығы жоқ.

Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Банктің орналастырылған (дауыс беретін) акцияларының жалпы санынан он және одан көп пайыз мөлшерде акциялады иеленетін, пайдаланатын, билік ететін акционердің ірі қатысушы мәртебесін немесе өзге де мәртебені иемденуге келісім алу қарастырылса, ірі акционердің және (немесе) акцияларының жиынтық пакеті Банк акцияларының он және одан да көп пайызын құрайтын акционерлердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысында сенімхатта көрсетілген акционердің (акционерлердің) шешіміне сәйкес, жалпы жиналыстың әр мәселесі бойынша акционердің (акционерлердің) жазбаша нұсқауы болған кезде ғана дауыс беруге құқылы.

Акциялар пакеті Банк акцияларының оннан аз пайызын құрайтын акционердің және (немесе) акцияларының жиынтық пакеті қоғам акцияларының оннан аз пайызын құрайтын акционерлердің өкілі жалпы жиналыстың әрбір мәселесі бойынша шешімді сенімхатта жазбаша көрсетпей-ақ акционердің (акционерлердің) мүдделерін білдіруге құқылы.

Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционер атынан сенімхатсыз әрекет етуге және оның мүдделерін танытуға құқығы бар тұлғалардан акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

6.13. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Банктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарына сәйкес немесе тікелей акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

Акционерлердің Жалпы жиналысын ашқанға дейін келген акционерлер (олардың өкілдері) тіркеледі. Акционердің өкілі Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге оның өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтауда ескерілмейді және сайлауға қатысуға құқығы жоқ.

Артықшылықты акциялардың иесі болып табылатын Банк акционері бетпе-бет тәртіпте өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда қарастырылатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

Егер бетпе-бет тәртіпте өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысында басқасы белгіленбесе, оған шақырылмаған өзге тұлғалар да қатыса алады. Мұндай тұлғалардың Акционерлердің Жалпы жиналысында сөйлеу құқығы Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытында ашылады.

Егер барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркеліп, ескертілген болса және жиналыстың басталу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайдан басқа кезде, Акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақыттан бұрын басталмайды.

Акционерлердің Жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың Төрағасы мен хатшысын (Президиум) сайлайды.

Акционерлердің Жалпы жиналысы дауыс берудің ашық немесе құпия үлгісін (билетень бойынша) белгілейді. Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасы мен хатшысын (Президиумын) сайлау мәселесінде әрбір акционер бір дауысқа ие, ал шешім қатысушылардың жай көпшілік дауысымен қабылданады. Акционерлердің жиналысына қатысушылардың бәрі бірдей Басқарма мүшесі болған жағдайды

қоспағанда, Басқарма мүшелері акционерлердің Жалпы жиналысына төрағалық ете алмайды.

Акционерлердің Жалпы жиналысын жүргізу барысында оның Төрағасы талқыланып жатқан мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол жөнінде дауыс беру әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

Егер ол сөз Жалпы жиналыстың регламентін бұзатын немесе бұл мәселе туралы жарыссөз тоқтаған жағдайларды қоспағанда, Төраға күн тәртібіндегі мәселені талқылауға құқығы бар тұлғаның сөйлеуіне кедергі жасауға құқығы жоқ.

Акционерлердің Жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жасауға шешім қабылдауға және жұмыс уақытын ұзартуға, оның ішінде Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі кейбір мәселелерді келесі күнге ауыстыруға құқылы.

Акционерлердің Жалпы жиналысын күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып және олар туралы шешім қабылданған соң ғана жабық деп жариялауға болады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасындағы мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауап береді.

6.14. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру жолымен де қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру әдісін акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауысымен қосып (аралас дауыс беру) немесе Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей-ақ қолдануға болады.

Сырттай дауыс беру жүргізілген кезде бірыңғай үлгіде дауыс беру үшін бюллетендер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

Банк Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс берудің нәтижесіне ықпал ету мақсатымен бюллетенді жекелеген акционерлерге іріктеп жіберуге құқығы жоқ.

Дауыс беру бюллетені акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы басталатын күнге дейін қырық бес күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

Сырттай дауыс беру бюллетенінде:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы мен мекен-жайы;
- 2) Жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетендерді берудің нақты күні;
- 4) Акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күн немесе Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізбей-ақ сырттай берілген дауыстар есептелетін күн;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау мәселесі тұрса, сайлауға ұсынылған кандидаттардың аты;
- 7) дауыс беру жүргізілетін мәселелердің тұжырымы;
- 8) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің "жақтау", "қарсы", "қалыс қалу" деген сөздермен білдірілген нұсқалары;
- 9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетенді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге жеке тұлға-акционер, осы тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаты туралы мәліметтерді көрсетіп, қолын қояды.

Заңды тұлға-акционер сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге оның басшысы қолын қойып, заңды тұлғаның мөрімен куәландырады.

Жеке тұлға-акционердің немесе акционердің басшысы - заңды тұлғаның қолдары қойылмаған және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылмаған бюллетен жарамсыз деп саналады.

Дауысты есептеген кезде акционер бюллетенде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек қана бір түрін белгілеген мәселелер бойынша ғана дауыстар есептеледі.

Егер Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе қойылған болса, сырттай дауыс беретін бюллетенде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстың санын көрсету үшін орын қалдырылады.

Егер акционер сырттай дауыс беру бюллетенін алдында жіберіп қойып, артынан акционерлердің Жалпы жиналысына қатысатын және онда аралас дауыс беру үшін оның бюллетені Акционерлердің Жалпы жиналысының кворумын анықтау мен оның тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруде есепке алынбайды.

6.15. Акционерлердің жалпы жиналысының осы Жарғының 5.6. тармағының 1) - 4) тармақтарында көрсетілген мәселелер бойынша шешім Банктің дауыс беруге қатысқан акциясының жалпы санының білікті көпшілік дауысымен қабылданады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыда басқасы белгіленбесе, акционерлердің Жалпы жиналысының басқа мәселелері туралы шешімдері дауыс беруге қатысушы Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

6.16. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру және жақтайтарын басқа жерде, "бір акция-бір дауыс" принципімен жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда акциялар бойынша бір акционерге берілетін дауыс санын барынша шектеу;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивті дауыс беру;
- 3) Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы әрбір тұлғаға Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір дауыстан беру.

Акционер кумулятивті дауыс беруде акциялар бойынша берілетін дауыстарды Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидатқа толық немесе Директорлар кеңесі мүшелігіне бірнеше кандидатқа бөліп дауыс беруіне болады. Директорлар кеңесіне барынша көп дауыс алған кандидат сайланды деп танылады.

Егер акционерлердің өздері қатысып өткізетін Жалпы жиналысында дауыс беру құпия әдіспен жүргізілген жағдайда, мұндай дауыс беру үшін (бұдан әрі осы бапта-бетпе-бет құпия дауыс беретін бюллетеньдер) бюллетеньдер құпия дауыс берілетін әр мәселе бойынша жеке жасалады. Бұл ретте құпия бетпе-бет дауыс беру үшін жасалған бюллетенде мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) жиналыстың күн тәртібінде мәселені тұжырымдау немесе оның реттік саны;
- 2) мәселелер бойынша "жақтау", "қарсы", "қалыс қалу" деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары немесе Банктің органына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 3) акционерге тиесілі дауыстың саны.

Бетпе-бет құпия дауыс беретін бюллетеньге, егер акционердің өзі ықылас білдірмесе, акционер қол қоймайды, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзіне тиесілі акцияны Банктің сатып алуын талап етпесе.

Бетпе-бет құпия дауыс беру үшін бюллетеньдер бойынша дауысты санау кезінде бюллетенде көрсетілген және дауыс беру нұсқаларының бір ғана мүмкіндіктегі түрін белгілеген, дауыс берудің тәртібін сақтаған сайлаушылардың дауысы есепке алынады.

6.17. Банктің корпоративтік хатшысы дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жасап, оған қол қояды.

Дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша акционердің айырықша пікірі болған жағдайда Банктің жалпы жиналысының корпоративтік хатшысы хаттамаға тиісті жазба жазуға міндетті.

Дауыс берудің қорытындысы бойынша хаттама жасалып, оған қол қойылған соң хаттама жасауға негіз болған сайлаушылардың өзі қатысқан құпия және сырттай дауыс беру бюллетендері (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетендер де бар) хаттамаға бірге тігіліп, Банктің мұрағатына сақтауға тапсырылады.

Дауыс беру қорытындысы туралы хаттама акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына қосып тіркелуі тиіс.

Дауыс беру қорытындысы дауыс беру жүргізілген акционерлердің Жалпы жиналысында жарияланады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру қорытындысы немесе сырттай дауыс берудің нәтижесі акционерлердің назарына оларды бұқаралық ақпарат

құралдарында жариялау немесе акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күн ішінде әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізіледі.

Дауыс берудің қорытындысы туралы хабарлама әрбір акционерге тікелей жіберіледі немесе Жарғымен белгілеген бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

6.18. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін он жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетіледі:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) акционерлердің Жалпы жиналысының өткізу күні, уақыты және өткізу орны;
- 3) акционерлердің Жалпы жиналысына берілген Банктің дауыс беруші акцияларының саны туралы мәлімет;
- 4) акционерлердің Жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлердің Жалпы жиналысының Төрағасы (Президиумы) мен хатшысы;
- 8) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушылардан сөз сөйлеген адамдар;
- 9) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауысқа қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлер дауысының жалпы саны;
- 10) дауысқа қойылған мәселелер, олар жөнінде дауыс беру қорытындысы;
- 11) акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

Акционерлердің Жалпы жиналысында Банктің Директорлар Кеңесін сайлау туралы мәселе қарастырылғанда (Директорлар Кеңесіне жаңа мүше сайлау) Жалпы жиналыстың хаттамасында таңдалған Директорлар Кеңесі мүшесінің қай акционердің өкілі екендігі көрсетіледі және (немесе) Директорлар Кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директоры екендігі көрсетіледі.

6.19. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына қол қоюға жататындар:

- 1) акционерлердің Жалпы жиналысының Төрағасы (Президиум мүшелері) мен хатшысы;
- 2) Есеп комиссиясының мүшелері;
- 3) Банктің дауыс беруші акцияларының он одан жоғары акцияларын иемденуші және Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан акционерлер.

Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлға оған қол қоюға мүмкіндігі болмаған жағдайда өзі берген сенімхаттың негізінде хаттамаға соның өкілі қол қояды.

6.20. Осы Жарғының 6.19 тармағында көрсетілген кез келген тұлғаның біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол тұлға хаттамаға қоса тігілетін қол қоюдан бас тарту себебін жазбаша тапсырады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы дауыс берудің қорытындысы туралы хаттамамен, Жалпы жиналысқа қатысып, дауыс беру құқығын беретін сенімхаттармен, сондай-ақ қол қойылған хаттама мен хаттамаға қол қоюдан бас тарту себебін жазбаша берген түсініктеме бәрі бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттарды Банк Басқармасы сақтауға тиіс және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта беріледі. Акционердің талап етуі бойынша оған Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

6.21. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша немесе:

- 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Банктің ішкі аудит қызметінің;
- 3) Банктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар кеңесінің төрағасына директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін ұсынатын тиісті жазбаша хабарлама жолдау арқылы ұсынылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен Басқармаға өтініш білдіруге құқылы, ол директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақырып өткізіледі.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін директорлар кеңесі белгілейді.

Күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізу күніне дейін жеті күнтізбелік күн бұрын ұсынылады.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделі мәміле жасау жөнінде шешім қабылдау туралы мәселені қараған жағдайда мәміле туралы ақпаратқа мәміленің тараптары, мәмілені орындау мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі, сонымен қатар бағалаушының есебі туралы мәліметтер кіруі тиіс («Акционерлік қоғамдар туралы» заңның 69-бабының 1-тармағында қарастырылған жағдайда).

Директорлар кеңесінің мүшесі Басқарманы директорлар кеңесіне қатысу мүмкіндігі жоқ екені туралы алдын ала ескертуі тиіс.

6.22. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жартысының санынан кем болмауы керек.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта анықталғандай кворум жинау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі директорлар Кеңесіне жаңа мүшелер сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешімді қабылдауға ғана құқылы.

6.23. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқа да бір жағдайлар қарастырылмаған болса, Директорлар Кеңесінің шешімі оған қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыс тең түскен жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің мәжілісіне төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі өздерінің мәжілісін жабық өткізуге шешім қабылдауға құқылы, ол мәжіліске тек қана Директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алады.

6.24. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімі сырттай дауыс беру жолымен де қабылдана алады.

Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатысушы Кеңес мүшелерінің дауысымен бірге (аралас дауыс беру) немесе Директорлар кеңесінің мәжілісін шақырмай-ақ қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру бюллетендердегі белгіленген мерзімде алынған кворумның бар болуы жағдайында қабылданған деп есептеледі.

Бюллетеньде мынандай ақпараттар болуға тиіс:

- 1) Банктің толық атауы және Банк Басқармасының орналасқан жері;
- 2) дауыс беруді жүргізетін бастамашы туралы мәлімет;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетендерді берудің нақты күні;
- 4) дауыс беруге шығарылған дұрыс және нақты қойылған мәселе (мәселелер).;
- 5) “жақтау”, “қарсы”, “қалыс қалу” сөздерімен бен білдірілген дауыс беру нұсқалары;
- 6) бюллетенді толтыру тәртібін түсіндіру.

Директорлар кеңесінің сырттай өткізілетін отырысының шешімі жазбаша түрде рәсімделуі және Директорлар кеңесінің Хатшысы мен Төрағасы қолдарын қоюлары тиіс.

Шешімді рәсімдеген күннен бастап жиырма күн ішінде ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне бюллетендермен қоса жіберілуі қажет, шешім осы бюллетендер негізінде қабылданған болатын.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімінде осы Жарғының 6.25 тармағында көрсетілген мәлімет болуы тиіс.

6.25. Мүшелері тікелей қатысып өткізілген Директорлар кеңесінің шешімдері мәжіліске төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қойған хаттамамен мәжіліс өткен үш күн ішінде рәсімделеді. Хаттамада көрсетілетін деректер:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) отырыс өткізу күні, уақыты және өткізу орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәлімет;

- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге шығарылған мәселелер және олар бойынша Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша әрбір директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру қорытындысы көрсетілген дауыс беру нәтижелері;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімдері бойынша басқа да мәліметтер.

6.26. Директорлар кеңесі отырысының хаттамалары және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Банктің мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған танысу үшін Директорлар кеңесі отырысының хаттамалары мен сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерін және оған хаттамалар мен шешімдерден Банктің өкілетті қызметкерінің қолымен қуаландырылған және Банк мөрінің бедері басылған көшірме беруге міндетті.

6.26-1. Директорлар Кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Банктің директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралың Заңымен және Банктің Жарғысымен белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібінде даулауға құқылы.

Акционер Банктің Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралың Заңының және Банк Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешімін, егер көрсетілген шешім Банктің және (немесе) осы акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, сотта даулауға құқылы.

6.27. Банк басқармасын қажеттілігіне қарай Басқарма Төрағасы немесе оның үштен бір бөлігінен кем емес мүшелерінің талап етуі бойынша шақырылады.

Банк Басқармасы, егер оның отырысына Банк Басқармасы мүшелерінің жартысынан кем емесі қатысса, өзінің құзыретіне жататын және оның қарауына енгізілген мәселелерді шешуге құқылы.

Банк Басқармасының отырысы кез келген күні (мереке не демалыс күні), кез келген жерде және тәуліктің кез келген уақытында өткізілуі мүмкін. Банк Басқармасының отырысын Банк Басқармасының Төрағасы немесе оны алмастырушы адам жүргізеді.

Банк Басқармасының әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Банк Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, соның ішінде Банк Басқармасының өзге мүшесіне беруге рұқсат етілмейді. Басқарманың шешімі оның отырысына қатысушы Басқарма мүшелерінің жиі көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең түскен жағдайда Басқарма Төрағасының немесе оны алмастырушының дауысы шешуші болып табылады.

Банк Басқармасы отырысының хаттамаларын жүргізу міндетті және оны Банк қызметкерлерінің қатарынан Директорлар кеңесі тағайындаған отырыс хатшысы жүргізеді.

Банк Басқармасы отырысының хаттамасына отырысқа қатысып отырған барлық Басқарма мүшелері қол қоюлары тиіс және ол хаттамаға дауыс беруге шығарылған мәселелер мен әрбір мәселе бойынша әрбір Басқарма мүшесінің дауыс беру қорытындысы көрсетілген олар бойынша дауыс беру нәтижелері енгізілуі тиіс.

Басқарма мүшесі Банк Басқармасының шешімімен келіспеген жағдайда айырықша пікірін хаттамаға енгізуді талап етуге құқылы, ал хатшы оны хаттамаға енгізуге міндетті. Банк Басқармасы отырысының хаттамасы оны өткізген соң үш күннен кешіктірмей ресімделеді.

Банк Басқармасы отырысының хаттамалары Банктің мұрағатында сақталады.

6.28. Ішкі аудит қызметін ұйымдастыру тәртібі Банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

6.29. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

6.30. Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

VII. БАНКТИҢ ЕСЕБІ МЕН ЕСЕП БЕРУІ. АҚПАРАТ БЕРУ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАУ

7.1. Банктің қаржылық (операциялық) жылы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталады.

7.2. Банктің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есебін дайындау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру заңнамасында және бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленеді.

Банктің бухгалтерлік есеп саясаты Директорлар кеңесімен анықталады.

Қаржылық және өзге есеп берудің тізімі, сонымен бірге мерзімі, тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

Қаржылық және басқа да есептілік тізбесі мен оларды ұсыну мерзімдері мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

7.3. Банк Басқармасы жыл сайын акционерлердің Жалпы жиналысына өткен жылдың қаржылық есептілігін ұсынады, оны талқылау және бекіту үшін қаржылық есептілік аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Қаржылық есептілікке қоса, Басқарма жалпы жиналысқа аудиторлық есепті ұсынады.

Жылдық қаржылық есептілікті Директорлар кеңесі алдын ала акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізу күніне дейін отыз күн бұрын бекітуі тиіс.

Банктің жылдық қаржылық есептілігі акционерлердің Жылдық жалпы жиналысында түпкілікті түрде бекітіледі.

Банк жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті жариялайды, еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда – шоғырландырылмаған жалдық қаржылық есептілік пен аудиторлық есепті Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайларда уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген мерзімдерде жариялайды.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделі мәміле туралы ақпарат халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада жарияланады. Нәтижесінде Банк активтерінің он және одан да артық пайызы сомасына сатып алынатын немесе иеліктен айыратын мүлік мәмілесі туралы ақпаратқа мәміле тараптары туралы мәлімет, мәміле мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі, сонымен қатар мәміле туралы басқа да мәліметтер енгізілуі тиіс.

7.4. Банк жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге міндетті.

Бухгалтерлік есеп пен есептілік, бастапқы құжаттар мен Банктің қызметі туралы басқа да ақпаратқа аудитті аудиторлық қызмет туралы заңнама мен Банктер туралы Заңның 19-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес аудит жүргізуге құқылы аудиторлық ұйым (аудитор) жүргізе алады.

7.5. Банкке аудит жүргізу Директорлар кеңесінің Басқарманың бастамасымен, Банк есебінен немесе ірі акционердің талап етуі бойынша, соның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл жағдайда ірі акционер банктік заң талабын есепке ала отырып, аудиторлық ұйымды өздігінен белгілеуге құқылы. Ірі акционердің талап етуі бойынша аудитті жүргізген жағдайда Банк аудиторлық ұйым сұраған барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Банк Басқармасы Банкке аудит жүргізуден бас тартса, кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша аудит сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

7.6. Аудит нәтижесі мен өздерінің қорытындысын аудиторлық ұйым (аудитор) Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасына тапсыратын есебінде көрсетеді.

Аудиторлық ұйым (аудитор) уәкілетті органның талап етуі бойынша жүргізілген аудиторлық тексерудің қорытындысының көшірмесін беруге міндетті.

7.7. Банк акционерлерінің мүддесіне қатысты Банктің қызметі туралы ақпаратты Банк өз акционерлерінің назарына жеткізуге міндетті.

Банк акционерлерінің мүддесіне қатысты деп танылатын ақпарат:

- 1) Акционерлердің Жалпы жиналысы және Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;
- 2) Банктің акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын орналастыруының қорытындылары туралы есептерді, Банктің бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарының күшін жоюы;
- 3) Банктің ірі мәмілелерді және жасалуына Банктің мүддесі бар мәмілелерді жасауы;

- 4) Банк активтерінің бес және одан да артық пайызын құрайтын сомаға Банктің мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;
- 5) Банктің меншік капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан да артық пайызын құрайтын мөлшерде Банктің заем алуы;
- 6) қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға Банктің лицензиялар алуы, қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға Банктің бұрын алған лицензиялары қолданылуының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;
- 7) Банктің заңды тұлғаны құруға қатысуы;
- 8) Банктің мүлкіне тыйым салынуы;
- 9) нәтижесінде баланстық құны Банктің активтерінің жалпы мөлшерінен он және одан да артық пайыз құрайтын Банк мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың туындауы;
- 10) Банк пен оның лауазымды тұлғаларының өкімшілік жауапкершілікке тартылуы;
- 11) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;
- 12) Банкті мәжбүрлі қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;
- 13) Банктің жарғысына, сонымен қатар Банктің акциялар шығарылымы проспектісіне сәйкес оның акционерлерінің мүдделерін білдіретін басқа да ақпарат.

Акционерлердің мүддесіне қатысты Банктің қызметі туралы ақпарат беру Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Банктің Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Егер ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен ақпаратты жариялау (акционерлердің назарына ұсыну) мерзімдері қарастырылмаса, ол ақпарат туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жарияланады (акционерлердің назарына ұсынылады).

Банк акционерлеріне сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат Банктің соттың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті хабарламасын (шақыруын) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

Банк міндетті түрде қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Банк қызметкерлерінің тізімін жүргізуді қамтамасыз етеді.

7.8. Акционердің талабы бойынша Банк оған Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған құжаттардың көшірмелерін осындай талап Банкке түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынуға міндетті, бұл ретте қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты ұсынуға шектеулер енгізуге рұқсат етіледі.

Құжаттардың көшірмесін бергені үшін ақы мөлшерін Банк белгілейді және ол құжаттардың көшірмесін өзірлеуге және құжаттарды акционерге жеткізіп беруге байланысты жұмсалған шығындардың құнынан аспайды.

Банктің бағалы қағаздарының айналымы мен конвертациясын, орналастыру мен шығарылуының жеке мәселелерін регламенттейтін және қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалған құпиясы бар құжаттар акционердің талап етуі бойынша оның танысып шығуы үшін ұсынылуы керек.

7.9. Банктің акционерлеріне оның қызметі туралы ақпарат ұсыну www.eurasian-bank.kz Интернет желісінің WEB-сайтында және/немесе «Егемен Қазақстан» және «Экспресс-К» газеттерінде ақпарат орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

7.10. Акционер және Банктің лауазымды тұлғаларының міндеттері:

1) өзі туралы және олар арқылы Банктің үлестес (аффилирленген) тұлғалары (болған) болып есептелетін тұлғалар туралы оларға қол жетімді ақпаратты жариялауға, сонымен қатар Банкке туындаған өзгерістер туралы уақтылы ақпарат беру;

2) өзінің үлестес тұлғаларына өздері туралы ақпаратты Банкке жариялау қажеттілігі туралы хабардар ету;

3) Банктің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің үлестес тұлғаларының мәліметтерді Банкке уақтылы және толық беруіне жәрдемдесу.

7.11. Үлестес тұлғалар туралы ақпаратты жариялау сауалнама түрінде жазбаша жүргізіледі. Толтыруға арналған сауалнама түрлері Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленеді.

7.12. Толтырылған сауалнамаларды лауазымды тұлғалар мен олардың аффилирленген тұлғалары оларды алған кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде береді.

Ақпарат өзгерген жағдайда, аталған ақпаратты бұрын берген тұлға Банкті мұндай өзгерістер туындаған күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

VIII. БАНКТИҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

8.1. Банкті ерікті түрде қайта құру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

Банкті мәжбүрлі қайта құру сот шешімі бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Банк таратылуы мүмкін жағдайлар:

а) акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен, уәкілетті органның рұқсаты болған жағдайда (ерікті тарату);

б) Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған жағдайларда, сот шешімі бойынша (мәжбүрлі тарату).

8.3. Банкті тарату тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

8.4. Банкті тарату туралы шешім қабылданғаннан кейін құрылған тарату комиссиясы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес атқарады.

Басқарма Төрағасы



Эгилтов М.Д.

MICHAEL JAMES BOGOTIN

Басқарманың қаталықпен

қарамаса: Орманов Талғат Иуринсатович



СОГЛАСОВАНО
С КОМИТЕТОМ ПО КОНТРОЛЮ И
НАДЗОРУ ФИНАНСОВОГО РЫНКА И
ФИНАНСОВЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ
НАЦИОНАЛЬНОГО БАНКА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



**УСТАВ
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА**

«Евразийский банк»

Утверждено
Общим собранием акционеров
Протокол № 10
от «01» ноября 2011 года

г. Алматы, 2011 год

Настоящий Устав является документом, определяющим правовой статус Акционерного общества «Евразийский банк», именуемого в дальнейшем «Банк», основы организации и функционирования, а также условия прекращения деятельности Банка. Устав разработан в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

І. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Полное и сокращенное наименование Банка:

- а) на государственном языке – «Еуразиялык банк» акционерлік қоғамы, «Еуразиялык банк» АҚ;
- б) на русском языке – Акционерное общество «Евразийский банк», АО «Евразийский банк»;
- в) на английском языке – Eurasian Bank JSC.

1.2. Банк – юридическое лицо, являющееся коммерческой организацией, которое в соответствии с настоящим Уставом и нормативными правовыми актами Республики Казахстан правомочно осуществлять банковскую деятельность.

Банк имеет на праве собственности обособленное имущество и отвечает этим имуществом по своим обязательствам, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права и обязанности, быть истцом и ответчиком в суде. Банк имеет самостоятельный баланс и корреспондентские счета.

Официальный статус Банка определяется государственной регистрацией юридического лица в Республике Казахстан в Министерстве юстиции Республики Казахстан и наличием лицензии уполномоченного органа по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций (далее – уполномоченный орган) на проведение банковских операций.

Банк имеет печать, бланки, эмблемы и иные реквизиты, необходимые для осуществления своей деятельности.

1.3. Место нахождения исполнительного органа Банка (Правления): 050002, Республика Казахстан, г. Алматы, улица Кунаева, 56.

1.4. Форма собственности Банка – частная.

1.5. Банк в процессе осуществления банковской деятельности руководствуется Конституцией и действующим законодательством Республики Казахстан, международными договорами (соглашениями), заключенными Республикой Казахстан, а также нормативными правовыми актами Национального Банка Республики Казахстан издаваемыми на основании и во исполнение законодательных актов и актов Президента Республики Казахстан по вопросам, отнесенным к их компетенции, а также настоящим Уставом, решениями Общего собрания акционеров (акционера) Банка, Совета директоров Банка.

1.6. В установленном законодательством порядке Банком принимается кодекс корпоративного управления, утвержденный Общим собранием акционеров.

1.7. Банк обладает имуществом, обособленным от имущества своих акционеров, и не отвечает по их обязательствам. Банк несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

Акционер Банка не отвечает по его обязательствам и несет риск убытков, связанных с деятельностью Банка, в пределах стоимости принадлежащих ему акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.

1.8. Банк не отвечает по обязательствам государства, равно как и государство не отвечает по обязательствам Банка, кроме случаев, когда Банк или государство принимают на себя такую ответственность.

1.9. Банк в установленном законодательством порядке вправе открывать свои дочерние организации, филиалы и представительства как на территории Республики Казахстан, так и за ее пределами.

Директора филиалов Банка вправе подписывать доверенности на право представления Банка в его отношениях с третьими лицами в пределах предоставленных им полномочий.

1.10. Срок деятельности Банка не ограничивается.

ІІ. БАНКОВСКАЯ И ИНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ БАНКА

2.1. Целью деятельности Банка является извлечение дохода.

2.2. Банк при наличии лицензии уполномоченного органа осуществляет банковские и иные операции, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

